



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 9 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2009 ЖЫЛҒЫ 27 НАУРЫЗ

### **Ресми қайта қаржыландыру ставкасы туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2009 жылғы 1 сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің **ресми қайта қаржыландыру ставкасын жылдық 9,5 %** деңгейінде белгілеуге шешім қабылдады.

2009 жылғы ақпанда инфляцияның жылдық деңгейі 8,7% болды. Сонымен қатар 2009 жылғы 4 ақпанда жүргізілген теңгенің құнсыздануынан болған инфляциялық әсер шамалы болды. Инфляция 2009 жылғы қаңтардағы 0,3%-дан 2009 жылғы ақпанның қорытындылары бойынша 0,8%-ға дейін жеделдетілді.

Сонымен қатар инфляцияның маңызды ауқымды факторларының (экономикалық өсудің баяулауы, шектеулі тұтынушылық сұраныс, халықтың ақшалай кірістерінің өсу қарқындарының төмендеуі) болмауы жағдайларында инфляция бақыланатын шектерде болады, ал оның жылдық деңгейі 2009 жыл бойы 9,5%-дан аспайды.

Қазіргі уақытта нарықта сақталып отырған теріс девальвациялық және инфляциялық күтулерді төмендету мақсатында, ресми қайта қаржыландыру ставкасын бұрынғы 9,5% деңгейінде сақтау барынша мақсатқа сай болып табылады. Бұл ретте оның деңгейі нақты көрсетуде оң болып қалады.